



Ақмешіт

17 қыркүйек
сейсенбі
№74 (2084)
2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

24 САҒАТ

ҚАРАШАҢЫРАҚ

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ: КОММУНАЛДЫҚ ҚАРЫЗДАР ТОЛЫҚ ӨТЕЛҮІ ТИІС

Бұл – облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасы. Жылу маусымына дайындық басталып кетті. Облыс әкімінің төрағалығымен өткен жиында қысқа дайындық мәселесі қаралды.



– Жылу беру маусымына әзірлік Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тікелей бақылауында тұр. Биыл жылу көздері мен желілерін жаңғыртуға республикалық және жергілікті бюджеттен 12 млрд теңге қаржы бөлінді. Осы қаржыны тиімді игеріп, жұмысты уақытылы және сапалы жүргізу қажет. Нысандардың барлығы 1 қазанда дайын болуы керек. Облыс тұрғындарын көмірмен қамтамасыз етудегі түйткілдер де түгелімен шешім тауып, алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Осыған дейін коммуналдық мекеме басшыларына қарыздарды толық өтеу ескертілген болатын. Дегенмен, бүгінде ЖЭО-ның «ҚазакГаз» алдындағы қарызы 38 млн теңгеге жеткен, ал КРЭК-тің ЖЭО-ға берешегі – 521 млн теңге. «Энергосервис» КРЭК-ке 138 млн теңге, «Қызылорда су жүйесі» ЖЭО-ға 137 млн теңге, КРЭК-ке 87 млн теңге, «Энергосервиске» 185 млн теңге қарыз екені белгілі болды.

Аталған мекеме басшыларына коммуналдық қарыздарды қысқа мерзімде толық өтеу міндеті қойылды. Бұл аймақ басшысының басты назарында болады.

2-БЕТТЕ

ОҚУҒА ҚҰШТАР АУЫЛ



Кенттің тарихи шежіресіне бойласак, бұл киелі жердің топырағынан республикаға танымал, қазақ-кеңес тарихшысы, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақ Совет энциклопедиясында есімі алтын әріптермен жазылған белгілі азамат Тәжен Елеуов, Қазақстанның мемлекет қайраткері, Қазақстанның сыртқы істер министрі, Қазақ Совет энциклопедиясын құрастырушылардың бірі профессор Мүсілім Базарбай, Кәкім Әбдіқадыров секілді тұғырлы тұлғалар өсіп-өнген. Кәкім Әбдіқадыров – Сыр өңірінен шыққан 21 батырдың ішіндегі III дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері. Елге келген соң теміржол саласында жұмыс істеп, «Құрметті құрылысшы» атағын алған. «Урицкий» елді мекенін жаудан азат еткені және ұрыста көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталды. Ленинградты жаудан азат ету шайқасында көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері деген құрметті атағы бар. Ал I дәрежелі «Даңқ» ордені Венгрия мен Чехославакияны неміс басқыншыларынан азат ету ұрыстарында жасалған ерлігі үшін берілді.

Тектілердің ізін жалғап, кенттің данқын шығарып жүрген қазіргі замандастарымызбен де мақтана аламыз. Мысалы, «қазақпын» деп жүрген Сырдың сары қызы Елена Рыбина – Белкөл кентінің төл перзенті. Еленаны ата-анасы Белкөл кентіндегі №198 орта мектебінің орыс сыныбына береді. Соған қарамастан ол Қалыр Мырзаліевтің «Қазақ осы», Әбділда Тәжібаев пен Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын сүйіп оқиды. Тіпті өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді жетік меңгерген жастарға арналған байқауларға қатысып, жүлделі орын алып, киелі мекеннің рухани қуатын дәлелдеп жүр.

4-БЕТТЕ

Қала күні мерекесі бүгіннен бастап тойлануда. Ақмешіттің аспанын дүркіреткен думанды күндер бірнеше аптаға созылмақ. Мерейлі мереке тұсында қала халқының көңілін көтеріп, мереке мезірегін сезіндірер қандай іс-шаралар атқарылады? Бұл туралы қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов журналистермен жүздесуінде айтқан еді.

ҚАЛА КҮНІ БҮГІННЕН БАСТАП ТОЙЛАНУДА



– Биыл Қызылорда шаһарына – 206 жыл. Қала күні мерекесін тойлау қыркүйек айының 17-ші жұлдызынан бастау алады. 12-ші қазанға дейін арнайы бекітілген жоспар бойынша түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Тақырыптық сүйемдеу, қала қонақтары мен тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында көшелер мерекеге сай безендіріліп, естелік суреттерге түсетін фотозоналар қойылады, – деді бөлім басшысы.

Мерекенің ашылу салтанаты ретінде 17 қыркүйекте сағат 19:00-де А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде шаһар тұрғындары мен қонақтарына қалалық «Жастар театрының» «Неге, жаным, шығарып сала алмадың?» атты лирикалық драмасы ұсынылады. Мерекелік шаралар легі поэтикалық дуэль, жастар кеші, дәстүрлі кітап көрмесі, республикалық ақындар айтқысы, жас суретшілер байқауы, вокалды аспапты ансамбльдердің дәстүрлі фестивалі, тазалық акциялары, облыстық фотоафтар байқауы, түрлі спорттық және интеллектуалдық сайыстар, отбасылық квіздер, зағип және нашар көретін азаматтар арасындағы республикалық өнер байқауы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі, байге, театрландырылған қойылыммен жалғасып, гала-концертпен қорытындыланады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Жанашылдық пен инновацияның символы болған iPhone жай смартфон емес, технологиялық құбылыс десек те болады. Жақында Apple жаңа iPhone 16 ұялы телефонының таныстырылымын өткізді.

iPhone 16: болашақ технологиясы қалтаңызда

iPhone тарихы

Смартфон жаңа функциялармен, кен бұрышты камера және жоғары сапалы дыбыс жазуға арналған студиялық микрофонмен қамтылған. Көптеген пайдаланушы бұл құрылғыны тек байланыс құралы ғана емес, табыстың көрсеткіші ретінде есептейді. Бүгінде жастар арасында iPhone-ға ие болу көбінесе байлықпен байланысты және көптеген адам үшін функционалдық сипаттамалар емес, құрылғының сыртқы түрі маңызды. Бұл сапа, сән және табыстың белгісі деп есептейді. Дегенмен, Apple өнімдерінің экожүйесі әртүрлі құрылғылар мен қызметтер арасында тез синхрондауды ұсына отырып, пайдаланушы үшін қосымша артықшылықтар жасайды. Бұл ыңғайлылықты және жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сол себепті адамдардың соңғы үлгіні нарыққа шыққан бойда сатып алуға ынталы болуы таңқаларлық емес.

2007 жылы сатылымға шыққаннан бері қарапайым интерфейс пен мүмкіндіктердің кен ауқымын ұсынып, мобильді құрылғылардың үздігі атанды. iPhone – инновациялар, батылдық және технологиялық серпіліс. iPhone-ның жасалу тарихы 2005 жылы Apple-дің негізін қалаушы Стив Джобс iPod, телефон және интернет-коммуникатор функцияларын біріктіре алатын құрылғы жасау туралы шешім қабылдаған кезде басталды. Стив Джобстың бұл идеясы



жанашыл болды, өйткені ол кездегі телефондардың мүмкіндіктері аз және сенсор орнына пернетақта болды. «Project Purple» жобасы бойынша жұмыс Apple қызметкерлерінің көпшілігінен жасырын түрде басталды.

3-БЕТТЕ

Жақында Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде ұйымдастырылған «WRO – 2024» республикалық чемпионатында «Robomission elementary» бағыты бойынша өңірдегі №217 IT мектеп-лицейінің шәкірттері III орынды иеленді. Олардың жетістігі информатика пәнінің мұғалімі Тұрар Еріқұлының роботехника үйірмесінде инновациялық әдіс-тәсілдері мен жанашыл оқыту әдістерінің арқасында еселенді. Мектептегі роботехника үйірмесінде сабақ беретін ұстазбен сұхбаттасудың сәті түсті.

Тұрар ЕРІҚҰЛЫ,
№217 IT мектеп-лицейінің мұғалімі:



РОБОТ ЖАСАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТАДЫ



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

3-БЕТТЕ

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ: КОММУНАЛДЫҚ ҚАРЫЗДАР ТОЛЫҚ ӨТЕЛУІ ТІС



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында келесі талқыланған мәселе – теміржол вокзалдарындағы тазалық, көркейту бағыты.

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ – АЙМАҚ АЙНАСЫ

Аймақ басшысы теміржол вокзалының сырт келбетіне, ондағы жолаушыларға жасалған жағдайға қарап, өңір имиджі қалыптасатынын атап өтіп, нысан аумағында тазалық сақталмайтынын қатан сынға алды.

– Өткен жылы Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалының ескі ғимаратына «Қазақстан Темір жолы» компаниясының, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 577 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. Жұмыс аяқталғаннан кейін вокзалға барып, тазалыққа байланысты ескерту жасап, бірнеше тапсырма бердім. Алайда бұл тапсырмалар әлі күнге дейін толық орындалды. Қала әкімдігі сол аумақты абаттандырып, төсеніш тас төседі. Екі жолаушылар платформасы жаңадан асфальтталып, жарықшамдар орнатылды. Жөндеу жұмыстары өткен жылы ғана жүргізілгенімен, брусчатқалардың қазіргі жағдайы сын көтермейді. Құрылысқа пайдаланылған заттар жиналмаған. Маңайындағы дүңгіршіктерді перроннан түсіріп, төменге орналастыруды тапсырғанмын. Бірақ дүңгіршіктер әлі күнге нысанның көркінін бұзуда.

Басы 1-бетте



Вокзал – қаланың, аймақтың айнасы. Өйткені келген қонақтар да, инвесторлар да алдымен теміржол вокзалымен танысады. Өрліберлі өткен жолаушылардың да вокзалдағы тәртіп пен тазалыққа қарап Қызылорда туралы пікірі қалыптасатыны белгілі, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі теміржол вокзалы аумақтарын ретке келтіруді, тазалық жұмыстарын күнделікті жүргізуді талап етті. Мұнан бөлек, вокзалдың сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсетуі де мінсіз болуы қажеттігін қаперге салды.



«ҮЗДІК АУЛА» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ КІМ БОЛАДЫ?



Қызылорда қаласында қала күнін мерекелеу аясында «Үздік Аула» байқауын өткізу дәстүрге айналған. Биыл бұл байқау жетінші мәрте өткізілуде.

Байқау шарты бойынша жасыл-желекті көпқабатты тұрғын үйдің ауласына ғана емес, жеке тұрғын үйдің сыртқы аумағын да өз еңбегімен көгерген қала тұрғындары қатыса алады. Ол үшін инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілері арқылы #Qzo, #Qyzylorda, #Үздікаула2024 хэштегтерін міндетті түрде пайдалана отырып, «Сүйікті қалам – Қызылорда» тақырыбында жылы лебізін жолдап, көгалдандырудағы тәжірибесімен бөлісіп, өз парақшасында сапалы суреттер мен видеолар жариялау қажет.

Байқаудың қорытындысы комиссия шешімімен анықталып, қала күніне арналған салтанатты шараларда марапатталады. Бұған дейін жеңімпаз атанған аулалар байқауға қайта қатыса алмайды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, I, II, III орын жеңімпаздарын бағалы сыйлықтар күтіп тұр.

ЖАСЫЛ-ЖЕЛЕККЕ БӨЛЕНГЕН АУЛА

Қаладағы көпшіліктің көзіне еріксіз түсетін жасыл аула бар. Бұл – аула Зейнолла Шүкіров көшесі, 100 Г үйдің 3-ші подъезді тұрғыны Нұрлыбек Суханның еңбегі.

– Тазалық жұмыстарына аса мән беріп, ауласын таза ұстаумен қоса жасыл-желекке орап, тал егуді әрбір тұрғын қолға алса, қаламыз ең таза, көрікті орталыққа айналады. Отағасы осы ауланы көгалдандыруды 2016 жылдан бастады. Аптасына екі-үш рет суарып тұрамыз. Ал ауладағы арқаны көршілердің ауызбіршілігімен бірігіп жасадық, – дейді бағбанның жұбайы Ақбота Жұмабай.

Сөз соңында кейіпкеріміз Ақбота қала тұрғындары осылай жанашырлық танытып, әрқайсысы тұрған үйінің кіре берісін көгалдандырса, Қызылорда жасыл қалаға айналары сөзсіз деген ойын да жеткізді.

КӨГАЛДАНДЫРУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛГЕН ТҰРҒЫН

Қаланың «Шанхай» аумағындағы Сайыпназар Ахун көшесі №7 үйдің тұрғыны Бірлік Рахметов 10 жыл көлемінде үйдің көше бетін көгалдандырумен айналысып келеді. Үйдің сыртқы аумағына әртүрлі жеміс ағаштары (шие, сары өрік, қара өрік, тұт, жиде, алма), одан бөлек, сән ағашы, үйеңкі, ерен, Сыр талы, қаратал ағаштары отырғызылған.

Жұмыстан кейінгі бос уақытын көгалдандыру ісіне арнаған қала тұрғыны сенбі күні тазалық акциясына да атсалысады.

– Көшемізді таза ұстап, көгалдандырып отырсақ, қаламыздың көркеюіне қосқан үлесім деп ойлаймын. Жылдан-жылға көркейіп жатқан қаламыз әрі қарай да гүлдене берсін, – деген Бірлік Жоштайұлы әрбір тұрғынды қаланың тазалығы мен көгалдануына үлесін қосуға шақырды.

Байқау шарты бойынша жеңімпаздар анықталып, қала күнінде марапатталады. Лайым, жасыл-желекке, гүлзарларға қызыға қарайтын, айналасын әсемдеуге құштар тұрғындар саны жыл сайын арта берсе екен...



КӨШЕЛЕР КЕҢЕЙТІЛІП, ЖАҢА ЖОЛ САЛЫНУДА

Биыл қалада 92 жоба жүзеге аспақ. Сол жобаның бірі – жол-көлік инфрақұрылымын дамыту. Осы бағытта бюджеттің барлық көздерінен 6 млрд теңге қаралды. Осыған орай биыл біраз ауқымды жұмыс қолға алынды. Қала аумағында жөндеуден өтетін көшелер мен мердігер мекемелер анықталып, қаралған қаржысы бөлінді. Тіпті қызу жұмыс басталып та кетті.



ЖАППАСБАЙ БАТЫР ҚАЙТА ЖАНДАНАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаппасбай батыр көшесіне барып, Қорқыт ата көшесінен көлік жолайрығына дейінгі бөлікті жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.

Жобаның мердігері – «УАД», техникалық қадағалаушы – «Тараз-Технопроект» серіктестіктері. Төрт жолақты жолдың ұзындығы – 3,3 шақырым. Жобада жаяу жүргіншілер жолын және жарықшамдар орнату қарастырылған. Жаппасбай батыр көшесі – қаладағы магистральды көшенің бірі.

Айта кетсек, биыл қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 34,8 млрд теңге бөлінген. Оған 97 көшені салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ 54 көшеге жаяу жүргінші жолы салынып, 81 көше жарықтандырылуда. Мұнан бөлек, әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, Шиледен кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы кеңейтілуде. Ал, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы «Қызылорда-Құмкөл» автомобиль жолын қайта жаңғыртады деп күтілуде.

ЯССАУИ КӨШЕСІ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Ілкімді істердің бірі – Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғырту. Яғни ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақтыға ауыстырылады. Жаяу жүргіншілер жолы түсіп, толығымен жарықтандырылады.

Аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын 6 наурыздан бастап «Қыран» ЖШС жүргізуде. Жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмысы күз айларына дейін аяқталады. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойы қосымша абаттандырылады.

Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаяу жүргіншілер жолы салынады. Бұл көше қалыққа қолайлы болуымен қатар, Қызылордаға жеткен пойыз жолаушыларының қаланың көркі, тазалығы туралы алғашқы ойын қалыптастырады. Осылайша қаланың орталық көшелері ғана емес, шет аймақтағы көшелер де кеңейтіліп, көркейтіледі.

АВТОЖОЛ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Қандай автожол десеңіз, аудандық маңызы бар автожол. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен «Самара-Шымкент-Қызылорда» аудандық маңызы бар автожолын жаңғырту жобасы жүзеге асуда.

Оңтүстік өңірден қалаға кірер айналма көпір мен аспалы көпірдің арасын жалғайтын жолдың жаңғырту жобасын «УАД» ЖШС атқаруда. Екі ортадағы 4 жолаққа негізделген бұл жолдың ұзындығы 8 434 метрді құрайды.

ДАҢҒЫЛ КЕҢЕЙТІЛУДЕ

Аймақ басшысының қолдауымен қаладағы басты жолдар мен көшелердің аясы кеңейтілуде. Соның бірі – Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылындағы қайта жаңғырту жұмысы. Бұл ауқымды жоба 27 тамыздан басталды. Ұзындығы 6711 метрді құрайтын даңғыл екі жолақтыдан төрт жолақтыға ауыстырылады. Жұмысты атқарушы «УАД» ЖШС. Дәл осы кезде автожолдың да, даңғылдың да жұмысы қарқынды жүруде.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ

Қаладағы бірнеше көшені аралап, жұмыс барысын көріп, мамандарымен сөйлесіп, тұрғындармен де тілдестік. Соның бірі – Жаппасбай батыр көшесінің тұрғыны Ибрагим Мемлібаев.

– Шыны керек, қалада тұрғын үй, көше жөндеу болсын, қарқынды жұмыс жүруде. Сенесіз бе, басқа облыспен біздің қаланың көшелерін салыстырсаңыз, біздікі сапалы әрі түзу екені көңіл қуантады. Сырттан келген адамдардың өздері Қызылорданың көшесін мақтап жатады. Ол рас! Нәтиже бар, – дейді қала тұрғыны Ибрагим.

Шаһардың байырғы тұрғыны, зейнеткер Әубәкір Сүлейменов те өз ойын жеткізді.

– Қазір қалада жылдан-жылға жұмыс қарқынды жүруде. БАҚ арқылы бағдарлап отырмыз. Зейнет жасында болған соң үйде отырып, газет оқуға уақыт та бар. Сол газет арқылы біраз атқарылған жұмыс барысын біліп отырмыз. Оның үстіне қала орталығына шыққан кезде жүргізіліп жатқан жұмыстың күзсі болып жүрміз. Жол жөндеуіп жатыр. Сапалы көшелеріміз көп. Негізі көшенің әдемілігі де қалаға көрік береді, – дейді Әубәкір аға.

Мамандардың айтуынша, жөндеу жұмысы толығымен күзде аяқталады деп жоспарлануда. Ал тұрғындар тілегі – сапалы әрі түзу көшенің бойымен жүру.

Бетті дайындаған
Ақтоқман НҰРЛЫБАЙ
Суреттер облыс және қала әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

– Елімізде робототехниканың дамуы қалай? Оқушылар қаншалықты қызығады?

– Робототехника үйірмесіне оқушылардың қызығушылығы жоғары, өйткені олар технология, инженерия және бағдарламалау сияқты салаларға қызығады. Қызығушылық деңгейі мектептен басталады және бұны ары қарай дамыту оқытушының тәжірибесіне және қолжетімді ресурстарға байланысты. Қазіргі кезде мектептеріміздің басым бөлігі робототехника кабинеттерімен және заманауи ресурстармен жабдықталған. Мұғалімге де оқушыға да жағдай жасалған. Мұғалім оқушылармен жұмыс жүргізу үшін икемді оқыту түрі мен жаңаша тәсілдерді қолданған дұрыс. Ақпараттық қоғамда бәсекеге қабілетті болу – бұл іргелі, инновациялық өндірісті дамытуға, бастысы – үздіксіз білім алуға дайын болу. Жалпы бірдей деңгейде жаңа немесе жаңартылған білім беру құралдарын жасау, үздіксіз дайындықты қалыптастыруға ықпал ету білімді, әмбебап оқыту және метапәндік дағдыны дамыту қажеттілігі туындайды.

– Қызығушылық жоғары деп қалдыңыз. Сіз мектепте робототехника үйірмесінде қанша оқушыны тәрбиелейсіз?

– Қазіргі уақытта мектептегі үйірмеге 70-ке жуық оқушы қатысады. IT саласына балалардың қызығушылығы басым. Робототехника – ғылым мен техниканың ең жылдам дамып келе жатқан саланың бірі. Жалпы елімізде робототехника саласы 2010 жылдан бастап дамыды. Бүгінде елімізде осы сала бойынша түрлі байқаулар, сайыстар ұйымдастырылып келеді. Робототехника сабақтарында оқушылар технология мен инновация әлемін зерттейді. Олар түрлі роботтар мен электрониканың қалай жұмыс істейтінін үйрене отырып, негіздерінен бастайды. Оқушылар болшектерді қосу және тапсырмаларды орындау үшін бағдарламалау арқылы қарапайым робот үлгілерін құрастыруды үйренеді. Оқыған сайын олар күрделі жобаларды өмірге әкелу үшін топпен жұмыс жасау арқылы есептерді шешу дағдыларын дамытады. Оқушылар роботтарының қозғалуына және қоршаған ортаға жауап беруге көмектесу үшін сенсорлар мен қозғалтқыштар сияқты әртүрлі материалдармен және компоненттермен тәжірибе жасайды. Сондай-ақ олар роботтарға командалар беруге және тапсырмаларды автоматты түрде орындау үшін алгоритмдер жасауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарлама арқылы роботтарды бағдарламалауды үйренеді. Қазіргі уақытта үйірме оқушылары әртүрлі функцияларды орындай алатын күрделі роботтық жүйелерді жасай алады. Робототехника сабақтары оқушыларды инженерия мен технологияны зерттеуге шабыттандырады.

Басы 1-бетте

Тұрар ЕРІҚҰЛЫ, №217 IT мектеп-лицейінің мұғалімі:

РОБОТ ЖАСАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУДА

– Қазіргі уақытта робототехника бойынша оқушыларыңыздың жетістіктері қандай? Ауыз толтырып айта аласыз ба?

– Әрине. Үйірме оқушылары жыл сайын өткізілетін сайыстарда жүлделі орындар иеленіп жүр. 2022 жылғы байқауларда «Робо аркан тартыс», «Робо қыз қуу», «Робо сумо», «Аркан тартыс» санаты бойынша жеңімпаз болса, халықаралық «NatRoboCom-2022-CA-Turkistan» байқауында «Robo Aq Suiek» бойынша үздік атанды. Оқушыларым 2023 жылы робототехникадан республикалық «Robotek Grand Tournament 2023» чемпионатына «Эстафета» бағыты бойынша қатысып II орын иеленсе, 2024 жылы робототехникадан халықаралық «Robotek Grand Tournament 2024» чемпионатына «Туды жеткізу» бағыты бойынша қатысып III орын, «Мерген» бағыты бойынша III орын



– Әрине, бұл – біріншіден, мәселелерді шешу қабілеті. Робототехника тек бағдарламалау мен механика емес, ол – күрделі

– Алдағы жылдарда робототехника саласында қандай өзгерістер болады деп ойлайсыз?

– Жасанды интеллекттің робототехникаға көбірек интеграциялануын көреміз. Бұл бізге автономды және тиімді жүйелерді құруға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

– Робототехникамен айналысқысы келетін жастарға қандай кеңес бере аласыз?

– Робототехниканың негіздерін, бағдарламалауды үйренуден бастау керек. Бұл білім робототехникадағы көптеген тапсырмаларды шешуге көмектеседі. Практикалық тәжірибе жинау үшін роботтарды құрастыру мен бағдарламалауды тек теория жүзінде емес, практикада да үйрену маңызды. Arduino, LEGO сияқты платформаларды пайдаланып, қарапайым жобаларды жасаудан бастасаңыз, күрделі бағдарламалары бар роботтарды жасай аласыз. Робототехника үйірмелері мен жарыстарға қатысу арқылы тәжірибе жинақтап, басқа қызығушылық танытқан жастармен байланыс орнату арқылы дағдыларды жетілдіруге көмектеседі. Жалпы робототехника саласы болашақ инженерлер мен өнертапқыштардың жаңа буынын қалыптастыруға ықпал етеді. Робототехника балалардың логикалық ойлауын, математикалық және логикалық қабілеттерін, топпен жұмыс істеу мен ғылыми ізденістерге деген қызығушылығын дамытады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ



және «Роботек» бағыты бойынша I орынды жеңіп алды. Үстз ретінде мен шәкірттеріміздің халықаралық робототехника жарысындағы жетістіктерін мақтан тұтамын.

– Сіздің ойыңызша, робототехниканы оқытқан оқушылар үшін ең маңызды дағды қандай? Қандай қасиет пен қабілет керек?

мәселенің шығармашылық шешімдерін табу. Робототехника балаларға жобаны таңдауға және тиімді шешімдер табуға көмектеседі. Роботтарды жасау шығармашылық пен инновациялық ойлауды дамытады, инженерлік ойлауды дамытуға және техникалық процестерді түсінуге ықпал етеді.

Стиль символына айналған iPhone-ның дизайнына компанияның бас дизайнері Джонатан Айв айтарлықтай үлес қосты. Әзірлеудің негізгі артықшылығы құрылғыны саусақты бір тұрту арқылы басқаруға мүмкіндік беретін сенсорлық экранды пайдалану туралы шешім болды. Бастапқыда iPhone OS деп аталатын iOS жүйесі интуитивті мультисенсорлық интерфейсті қолдау үшін арнайы жасалған. Бірінші iPhone-ның тұсауы 2007 жылы 9 қаңтарда Macworld конференциясында өтті, онда Стив Джобс iPhone-ды «бір құрылғыдағы үш құрылғы» ретінде ұсынды. Бұл ұялы телефон индустриясын түбегейлі өзгерткен сәт болды. iPhone өзінің бай мультимедиялық мүмкіндіктері мен жоғары жылдамдықты интернетке қосылуды біріктірді, бұл сол кезде телефондар үшін жаңалық болды. Алғашқы таныстырылымнан бері iPhone өз дамуын жалғастырды. Жаңа буын 2008 жылы іске қосылған және пайдаланушыларға мобильді қолданбаларды пайдаланудың жаңа әдісін ұсынған App Store сияқты жақсартулар мен жаңа мүмкіндіктер әкелді. iPhone-ның камерасы үнемі жетіліп, мобильді фото және бейне түсіруге арналған ең танымал құрылғылардың біріне айналдырды. Сігі және Face ID сияқты технологиялар Apple компаниясының инновациялар саласындағы көшбасшы ретіндегі беделін нығайтты.

Әлемде iPhone-ды қанша адам пайдаланады?

Бір қызығы, зерттеу бойынша әлемде iPhone-ды түсірлім құралы ретінде жиі пайдаланады, себебі ол жоғары сапалы камера мен кескінді өңдеу мүмкіндіктеріне байланысты. Фотографтар мен дизайнерлер сияқты шығармашылық кәсіпкерлер арасында осы смартфон түрі ерекше көп қолданысқа ие. «World Population Review» мен «The Verge» зерттеулері бойынша 2023 жылы әлем бойынша 1,5 миллиардтан астам iPhone пайдаланушысы болды. iPhone пайдаланушыларының саны 2007 жылы іске қосылғаннан бері тұрақты өсіп, 2020 жылы 1 миллиард қолданушыдан асты. «MSPoweruser» сайтында жарияланған ақпарат бойынша егер орташа жұмыс аптасы 40 сағатты құраса, iPhone қолданушылары жұмысқа қанша уақыт жұмсаса, телефонна көп уақыт жұмсайды. 5 күн ішінде 667 iPhone пайдаланушысынан жиналған деректер олардың 39 сағат 54 минут бөлсенді болғанын көрсетті. Бұл жұмыс кезінде құрылғыда жұмсалған уақытты қамтиды. «Asustom» зерттеуі бойынша iPhone-ның орташа қызмет ету мерзімі 4 жылдан сәл ғана асады. Зерттеу көрсеткендей пайдаланылатын белсенді құрылғылар санымен сатылған құрылғылардың санын салыстырғанда, iPhone смартфонның орташа қызмет ету мерзімі төрт жыл үш айды құрайды деп есептеледі. Тіпті олардың құрылғысы жақсы болса да, көптеген адам жаңа түрі шыққан сайын жаңартуды қалайды. Қазіргі уақытта iPhone 14 Pro Max ең көп сатылатын модель болып табылады. Сонғы деректер iPhone қолданушылардың 27 пайызы 25 пен 34 жас аралығындағы екенін көрсетеді. Екінші орында 35-44 жас тобы, одан кейін 18-24 жас аралығы. iPhone иелерінің ең аз таралған жас тобы 55 пен 65 жас яғни 8 пайызды құрайды. Бір қызығы, 65 жастан асқандар саны бұл саннан он пайызға

Басы 1-бетте

iPhone 16: болашақ технологиясы қалтаңызда



артық. «Worldpopulationreview» зерттеулері бойынша Қазақстанда 2023 жылы iOS нарығының үлесі 31,31 пайызды құраса, Android нарығының үлесі 68,46 пайыз болды.

Жаңа iPhone туралы не білеміз?

Жаңа iPhone-ның iPhone 15-тен тек екі айырмашылығы бар. Олар линзалардың тік орналасуы және бүйір беттеріндегі жаңа түймелер пайда болуы. Жоғарғы сол жақтағы дыбыссыз режим тұтқасының орнына «әрекет» және төменгі оң жақта камераның сенсорлық түймесі. Әдепкі бойынша, ол дыбыссыз режимді қосуға орнатылған, бүйір жақтағы өзгертуге болады. Мысалы, жарық шам қосқышы ретінде баптауларда өзгертуге болады. Пішіні өзгеріссіз қалғанымен, бұрыштары дөңгеленген және бүйір жиектері тегіс болды. Дисплей өлшемдері де өзгерген жоқ. Негізгі үлгі үшін 6,1 дюйм және Plus нұсқасы үшін 6,7 дюйм құрайды. Қуаттау үшін өткен жылдан қолданысқа енген USB Type-C порты пайдаланылады. iPhone 16 және 16 Plus жаңартылған корпус дизайны да ерекше. Apple-дің айтуынша, бүйір жақтағы 85% қайта өңделген алюминийден жасалған. Дисплей мен артқы қақпақ жаңа керамикалық әйнекпен қорғалған, бұл әйнектің сызатқа төзімділігін екі есе арттырады. Камераны басқару үшін оң жақта «Camera Control» сенсорлық түймесі қосылды. Ол бірнеше басу дәрежесін қолдайды. Басу әсері зум көмегімен жасалады. Оның көмегімен кескінді үлкейтуге, параметрлерді өзгертуге және суретке түсіруге болады. Сондай-ақ, ұзақ басқан кезде бейне

жазу іске қосылады. iPhone-ның жаңа буыны A18 Bionic процессорлары арқылы жұмыс істейді, бұл өткен жылғы iPhone модельдерге қарағанда әлдеқайда жылдамдық. Жаңа iPhone 16 және 16 Plus IP68 сертификаттына ие. Бұл смартфонның су өткізбейтін, жанбырға және шаңға төзімді екенін білдіреді. Батарея сыйымдылығы аздап өзгерді. iPhone 16 үшін ол алдыңғысымен салыстырғанда аздап өсті, бірақ iPhone 16 Plus үшін, керісінше, төмендеді. Жаңа iPhone смартфондары Apple Intelligence технологиясын ескере отырып жасалған бірінші құрылғы. Компания эмодзилерді жасау, мәтіннің сипаттамасы бойынша фотосуреттерді іздеу, әріптерді шығару және оны қажетті стильге әкелетін «ақылды» мәтіндік редактор сияқты бірнеше интеллектуалды функцияларды көрсетті. «Siri» технологиясы жетілдіріліп, контексті жақсы түсінуді үйренді. Көрсетілген жасанды интеллект мүмкіндіктері келесі айда iOS 18.1 жаңартуымен қолжетімді болады.

Жаңа телефонға ие болу қуаныш әкеледі. Дегенмен соңғы үлгіге шыққан сайын ұмтылу артық екенін ұмытпау керек. Смартфонның әлі де мінсіз жұмыс істеп тұрса, оны басқаларға дәулетіңізді дәлелдеу үшін өзгертудің қажеті жоқ. Ақылды тұтыну ақшаныңды үнемдеп қана қоймай, сонымен қатар қоршаған ортаны сақтауға көмектеседі. Смартфон өнеркәсібі жаңа құрылғыны жасаудан бастап, ескі құрылғыларды жоюға дейін қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан, жаңа гаджетті сатып алмас бұрын, осы сатып алудың нақты қажеттілігі туралы ойлану керек.

С.ТЕМІРБОЛАТ

МИНБЕР

Мемлекеттік қызметкерді біліктің айнасы, халық алдында адал қызмет етуге ант берген бірегей лауазым иесі дейтін болсақ, мемлекеттік қызметшінің әліппесі – Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі.

ӘДЕП – ТӘРТІПТІҢ ДІңГЕГІ

Мемлекеттік қызметшілердің күнделікті іс-әрекеттерінде, халықпен кездесу барысында, көпшілік алдында сөйлеу кезінде өзін-өзі ұстау және әдеп нормаларын қамтамасыз ету жауапкершілігі Әдеп кодексінен тін тартады. Осы кодекс негізінде мемлекеттік қызметші мемлекеттің мүддесіне және азаматтардың құқығына залал келтіретін іс-қимылдарға қарсы тұруға, заңмен белгіленген шектеулерді сақтауға міндеттелген.



Сонымен қатар, аталған Жарлықпен жаңа институт – әдеп жөніндегі уәкілдер институты енгізіліп, арнайы Ережесі бекітілді. Әдеп жөніндегі уәкілдер институтын нығайтудың мақсаты, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің артуына, мемлекеттік қызметшілердің мәдениетінің қалыптасуына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы мен қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметі шегінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады. Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика Бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінде және аудандық бөлімдерде 88 мемлекеттік қызметші өз міндеттерін атқаруда. Олардың мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және қызметтік әдеп нормалары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін мекемеде, аудандық бөлімшелерде тақырыптық семинарлар өткізіліп, дөңгелек үстел форматтындағы басқосулар ұйымдастырылады. Департаментте ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға, ұжымдық ауызбірлікті нығайту мақсатында тимбилдингтер жасалынады.

Департаменттің оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу үшін Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде ұсынымдар енгіземін. Ондағы мақсат – жемісті жұмыс істеген азаматтардың еңбегін бағалау, одан әрі сапалы қызмет етуі үшін ынталандыру.

Ашықтық форматын негізге ала отырып, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу жағдайлары бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері қаралып, жеке қабылдаулар жүргізілетін болады.

Осы жұмыстарды ұйымдастыру үшін департамент гимаратында, ресми интернет-ресурстарында Әдеп жөніндегі уәкілдің мәліметтері, қабылдау күндері туралы ақпарат орналастырылған. Әрбір мемлекеттік мекемеде Әдеп жөніндегі уәкіл функциясының енгізілуі мемлекеттік қызметшілер тарапынан мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Әдеп кодексі талаптарының сақталуына, ұжымда қалыпты жағдайдың орын алуына септігін тигізеді.

Әдеп кодексінің мақсаты – халықтың сенімін нығайту. Халық мемлекеттік қызметкердің әрбір әрекетін қалт жібермей бақылап отырады, оның жасаған әрекеттеріне баға береді. Ал қоғам мүддесін шығу – мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Сондықтан да ел ертенің сенімді, мемлекет іргесінің берік болуы үшін осы салада аябай еңбек ету баршамыздың ортақ мүддесі болуы тиіс.

Роза СЕРМАҒАМБЕТОВА,
ҚР СЖРА Ұлттық статистика Бюросының
Қызылорда облысы бойынша департаменті
құрылымдық статистика бөлімінің басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкілдің функциясын атқарушы



мерзімді басылымдарды оқып отырсақ, қандай керемет рухани азық. Өзім тарихи кітаптарды, детектив әңгімелерді көп оқимын. Қабдеш Жұмаділовтің, Илияс Есенберлиннің, Мұхтар Мағауиннің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің кітаптарын алып оқимын. Өзім Қармақшы ауданының, Дур Онғар ауылының тумасымын. Сол жақтың кітапханасында да тұрақты оқырман едім. Кезінде классик жазушылардың шығармаларын құмарлана оқып, замандастарымызға түсінігімізді айтып, талқылап өскен ұрпақпыз ғой. Сондықтан барша кент тұрғындарын кітап оқуға шақырамын.

Білімгүл Рысқұлова, кент тұрғыны:

– Зейнет жасына келсем де кітаптан қол үзген емеспін. Кітап – адамның жан серігі. Ұлағаттың бәрін кітаптан табамыз. Адамның кітап оқыған сайын сөздік қоры да көбейе береді. Өзім Фариза Онғарсынованың, Шәрбану

БІЛІМДІНІҢ КҮНІ – ЖАРЫҚ

Кенттегі тағы бір рухани ошақ №189 орта мектебіне бардық. Бүгінде білім ұясында 800 оқушы білім алуда. Кішкентай бүлдіршіндердің кітап оқып отырғанын көріп, сүйсініп қалдық. Кітап қоры 31 мыңнан астам болса, оның 4800-і көркем әдебиет екен. Биыл көркем әдебиет қоры 1960 данаға толығыпты.

Мектеп кітапханашысы Жанар Досаеваның айтуынша, мектепте 2024-2025 оқу жылынан бастап «Балалар кітапханасы» жобасы аясында жұмыс істелуде. Жобаның негізгі мақсаты – өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзіреттілігін, оқу мәдениетін мен оқу белсенділігін арттыру, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыру, іс-шараларға ата-аналарды да қатыстыру.

«белді асқан жердегі көл» деген мағынаны білдіреді. Егер бел сөзінің қосымша мағынаға да не екенін еске алсақ, Белкөл – басты, негізгі, ең үлкен көл деген мағынаға да не деп аталған көрінеді.

БІРҚАЗАН АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Белкөл кентіне қарасты Бірқазан стансасы атауының шығу тарихы жайлы деректі Сағат Жүсіптің мақаласынан алдық. Автордың айтуынша, стансаның ашылуына үлкен орыс шенеунігі келсе керек. Ол кезде бұл стансаның маңы айдыны шалқыған көлі көп, ұшып-қонған қанқылдаған қаз-үйректі мекен екен. Көп құстың арасында алыстан ерекше әдемілігімен, сұлулығымен, ірілігімен көзге түскен, бұрынғыдан мұндай құсты бірінші көрген шенеунік

ЖАҢА ЖОБАЛАРҒА ҚАРҚЫНДЫ ҚАДАМ

Біз мұнан әрі ауылдың әлеуметтік жағдайымен, даму динамикасымен де танысуды жөн көрдік. Кент әкімі Жасулан Сәду бізге кентте атқарылып жатқан жұмыстарды көрсетті.

– Қай елді мекен болсын бірінші кезекте жол мәселесі өзекті. Кенттегі Жерұйық, Путьцева тұйығы, Әбдіқадиров №№2,4,6,9 көшелеріне қиыршық тас төселсе, Сарыарқа, Путьцева көшелері асфальтталған. Орталық көше мен Бірлік көшесіне жау жүргіншілер жолы салынды. Бірқазан елді мекеніндегі орталық көше толық жөндеуден өтті. Биыл ұзындығы 1,9 шақырымды құрайтын К.Әбдіқадиров көшесіне жау жүргіншілер жолын салдық. Бірлік, Путьцева, К.Әбдіқадиров 4 және 6 көшелеріне, Бірқазан елді мекеніндегі орталық көшеге жарық бағаналарын орнаттық. Сонымен қатар Бірлік көшесіне 11,2 млн теңгеге ойын алаңы салынып, балақайлардың игілігіне берілді. Биыл кенттегі тозығы жеткен электр желісінің қондырғысы жаңартылып, Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желісі тартылды. Сондай-ақ, қазіргі уақытта өздігінен тартылған және тозығы жеткен электр желілерін құрылысын жүргізу үшін ұзындығы 21 шақырым болатын 12 көшеге жоба сметалық құжаттар әзірленуде, – деді кент әкімі.



Бір байқағанымыз, кентте кәсіпкерлік саласы да қарқын алып, дамып жатыр. Бүгінде 41 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 311 дара кәсіпкер, 23 шаруа қожалығы бар. Олардың 98 пайызы нақты жұмыс істеп, салық қазанын толтырып отыр.

Айта кетейік, 2023 жылы 127 кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, 139 тұрақты жұмыс орны ашылса, биыл 1 қыркүйекке дейін 87 кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, 91 тұрақты жұмыс орны ашылған. Былтыр 191,8 млн теңгені құрайтын 23 жоба қаржыландырылған.

2024 жылы жалпы құны 1 млрд 609 млн 351 мың теңгені құрайтын 15 жоба қаржыландырылса, 8 тұрғын грант иегері атанған. «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» АҚ арқылы «Ескер» бағдарламасымен 16 млн теңгені құрайтын 4 жоба, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында құны 1 млрд 582 млн 349 мың теңгені құрайтын 3 жоба қолдау алған.

«ЖК Абылаев» жеке кәсіпкерлігі төсеніш тас өндірумен айналыса, «ЖК Талдыбетов-пластик цехы» пластик есік-терезе шығарады. Ал «ЖК Маусынбаев» ағаш шеберханасын ашып, елге қызметті қолға алса, «ЖК Ахметов» асыл тұқымды уақ мал өсіріп отыр.

«Бір ауыл – бір өнім» пилоттық жоба аясында «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» АҚ арқылы 6% «Абай» шаруа қожалығының сүт өнімдерін өндіру жобасы 73 млн теңгеге қол жеткізіп, кәсібін жандандыруда.

– Осындай кәсіпкерліктің өркендеуі арқасында былтыр салықтық түсімдер жоспары 128% орындалған. 2024 жылға салықтық түсімдер бойынша жылдық жоспар 31 млн 708,8 мың теңге болып бекітілсе, бүгінгі күнге оның 30 млн 824,6 мың теңгесі түсімге айналды. Қазірдің өзінде жылдық жоспар 97% орындалып тұр. 2024 жылға қалалық экономика және қаржы бөлімімен салық жоспарын 4057,2 мың теңгеге көбейтіп, қазіргі таңда жылдық жоспар 35 млн 766 мың теңгеге бекітілді, – дейді Жасулан Сәдуұлы.

Көзбен көргендей Белкөл кентінің экономикалық даму қарқыны күн санап өсіп келеді. Заманауи жобалармен жаңғырған кентте кәсіпкерлік саласы салық қазанын толтырып, елдің өркендеуіне жергілікті кәсіпкерлер қолымен үлес қосуда. Десе де белкөлдіктердің басқа ауылдардан басты ерекшелігі бар. Ол – мұнда рухани құндылыққа баса мән беріліп, ауыл тұрғындары көркем әдебиетті жағалап жасап отырып, руханияттың жанашырына айналуды мұрат тұтқаны. Бүгінгі білек күшінен гөрі білімнің бәсі қымбат заманда олардың мақсаты – кітап оқытын саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ғайяр ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген
Нұрбол НУРЖАУБАЙ

ОҚУҒА ҚҰШТАР АУЫЛ



– Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігі өте жоғары. Балаларды кітап оқуға тарту үшін жаңа келіп түскен көркем әдебиеттерге қысқа бейнеролик түсіріп, таныстырып, сыныптар және ата-аналар чатына жіберіп отырамын. Оқушыларды жазғы демалыста шақырып, кітап көрмесін ұйымдастырып, қызықты көркем дүниелерді насихаттаймыз. Әдеби кеш пен шығармадан үзінді алынған қойлымға балалар қуана, әрі белсенділікпен қатысады. Мектебіміздің оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жылдық жоспар жасалып қойған. Балалардың кітапханаға келу көрсеткіші өте жоғары, – дейді мектеп кітапханашысы.

Әрине, адамның көркем әдебиетке қызығушылығы мектеп қабырғасынан басталады. Отыз жылға жуық еңбек өтілі бар Жанар Досаеваның бұл салада шебер маман екенін көрдік. Білім нұрымен қуаттанып, жанары жайпап тұрған оқушыларды көріп, көңілге қуаныш ұялады.

РУХАНИЯТ ОРДАСЫ

Тұлғалар өмірін, қазақ жазушылары мен ақындарының кітаптарын насихаттап, елге танытуда кент клубында орналасқан №14 кітапхананың маңызы жоғары. Кітапсүйер қауымның рухани танымын кеңейтіп отырған тәлім орнында 12994 кітап қоры бар. Аядай екі бөлмеде орналасқан кітапханада классик жазушылардың жаңадан басылып шыққан тау-тау кітаптары жиналып тұр. Рухани дүниеге иелік етіп отырған кітапханашы Гүлжайна Нұртаеваның айтуынша, мыңға тарта оқырманның жүрегіне жол тауып отырған ұлағат ұясына келушілердің саны жеті мыңнан асады екен.

– Кітапхана «Рабис» бағдарламасымен жұмыс істейді. Электронды каталог саны – 1450. Интернет жүйесіне қосылған. Ауылда бәріннің ұялы телефоны болғанымен, кітапсүйер қауым жетерлік. Өз оқырмандарымызды қызықтыру мақсатында түрлі шаралар өткізіп, жаңа келген көркем әдебиеттерге талдау жасаймыз. Тіпті мерзімді басылымдарды оқытын оқырмандар бар. Бос уақытта кітап оқуды әдетке айналдырғандардың көбі – орта буын өкілдері. Кейде қоғамда кітап, газет оқылмайды деген пікір айтылады. Ол – жаңсақ пікір. Біздің ауыл оған дәлел. Оқырмандардың өздерінен сұрасаныздар да менің сөзімді растайды, – дейді кітапханашы.

Аядай екі бөлмеде біздің дүрдей жазушыларымыздың том-том еңбектері лайықты орын табылмай, жиналып қалған. Әрине, оқырман көп те, оқу залы, көркем әдебиеттерді көзі қаракты оқырманның талабына сай ыңғайластырып қоятын орын тарлық етіп тұр. Бұл мәселе шынында ойлантанды. Кітапты жанына серік қылған оқырмандармен тілдеудің де сәті түсті.

Мәдениет Шаханов, кент тұрғыны:

– Мен 2008 жылдан кенттегі кітапхананың тұрақты оқырманымын. Кітапхананың қазіргі жағдайы ескілеу, бөлмелері шағындау. Соған қарамастан, кітап қоры мол. Ыңғайлы жаңа ғимарат беріліп, сол көркем әдебиеттердің бәрін талапқа сай орналастырса, оқырманның да сұранысы артып, саны көбейер еді. Құнды кітаптар сөрелерге сыймай, жиналып тұр. Жарқыратып көрсетіп қоятын дүниелер екені анық. Ғимараттың тарлығы қолбайлау болғаны болмаса, кітапханашының қызметі өте жақсы. Жақында кітапханаға өзіне лайық бөлме беріледі деген хабарды естіп отырмыз. Жайлы, жарық, заманауи орынға көшсе, біз секілді кітапсүйер қауымға жасалған ерекше қамқорлық болар еді. Себебі бұл жерде кітап оқушылар конференциясы өтсе, оқу залында

Басы 1-бетте



Құмарованың өлеңдерін құмарта оқимын. Балаға тәрбие беру үшін міндетті түрде тұрақты көркем әдебиет оқуды өзіме әдет қылдым. Өзімнің балаларымды да шығармашылыққа баулыдым. Немерелеріме де оқысын деп үйге кітап апарып қоямын. Кітаппен дос болған бала бұзақылыққа бармайды. Баланың дүниетанымы, айналасын бағалауы, ой-санасы тереңдейді. Тағы да дүниені танысам, білсем деп талаптанады. Ой ұшқырлығы дамиды. Адам да солай зерделі бола түседі. Мидың талшықтары оянады. Есте сақтау қабілеті қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, кітап оқу – миға үлкен жағтығу.

Ғалия Ерғошова, кент тұрғыны:

– Рухани даму адамға қай жаста да керек. Тіпті өмір бойы қажет болады. Мен – 55 жастамын. Кітап оқудан ешқашан қол үзбедім. Шағын кітапхананың белсенді оқырманымын. Алтын қазынадан керегіңді алмай, бейғам жүруге болмайды. Бір мезгіл ой жаңартып, мерзімді газет-журналдардан жаңалықтарды оқып отырмаса, көңілің көншімейді. Қаншама интернет, теледидар дегенмен, қолыңа ұстап, бетін парактап оқыған кітапқа ештеме де жетпейді. Жан дүниенің бір мезгіл жай табуы үшін көркем әдебиетті жата-жастана оқимын. Өзіме керек дүниені сол жерден табамын. Біздің ауылда кітапқұмарлар саны көп. Қазақтың энциклопедиясын жазған ғұламалар да туған топқаракты шыққанына мақтанамыз. Сол жаңалықтың бәрін кітап ақтармасақ қайдан білеміз? Кітап ұлы ұстаз екенін мойындауымыз керек. Тек кітапханамызға жайлы, жарық, кең орын берсе екен.

Оқырман пірікі – қашан да құнды. Рухани толысып, кеуде сарайын жан сұлулығына, көркемдікке толтырған жандардың рухани азық жайлы пікірі бойымызға қуат сыйлағандай әсер алады.

Кітап оқырмандарының талабы орынды. Бұл мәселе шешімін табады деп ойлаймыз. Өйткені көзі ашық, көкірегі ояу оқырман қоғамға ауадай қажет.



Белкөл кентінің тұрғындары кітап оқуға құштар ауыл екендіктерін дәлелдеді. Кітапхана қорынан біз Белкөл, Бірқазан атауының қайдан шыққанын да білдік.

БЕЛКӨЛ АТАУЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Белкөл атауына байланысты түрлі дерек айтылады. Елу аузында айтылған түрлі дерекке мән берсек, кент аумағы бірыңғай құм болғаннан кейін халық ырымдап алдағы уақытта су мол болсын, көгерсін, өнсің, көбейсін белден көл болсын деген ниетпен «Белкөл» деп атағаны айтылады.

Ал тағы бір мәліметте Белкөл атауы бел «асу, кезең», «аласа асу» мәніндегі географиялық термин есебінде айтылған. Бұл жайтты ескерер болсақ, Белкөл атауы «бел, асу» астындағы



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баса үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3514 Тапсырмасы №1455

Нөмірдің көзекші редакторы **Ғайяр ҚОЖАХМЕТОВА**